

АННОТАЦИЯ

8D10103 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Дүйсекова Самал Байболатқызының «Біріншілікті медико-санитарлық көмек деңгейінде жұмыссыз жастардың денсаулығын жоғалтудың алдын алу және өмір сүру сапасын жақсарту технологияларын жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы.

Тақырыптың өзектілігі. Бүгінгі таңда жұмыссыздықтың салдары бүкіл әлемде маңызды мәселе болып табылады. Атап айтқанда, бұл кедейлік пен әлеуметтік тұрақсыздықпен байланысты мәселелер, сондай-ақ өткір ұлттық және жаһандық әлеуметтік-экономикалық салдарлар. Жұмыстан босатылған жұмысшылардың саны мен төленетін жәрдемақы мөлшері түріндегі жұмыссыздықтың экономикалық мәселелеріне ғана үлкен көңіл бөлінеді, ал қиын ажыратылатын және жинақталу сипаты бар медициналық-әлеуметтік салдарлар іс жүзінде бағаланбайды. Жұмыссыз халық үшін маңызды рөл атқаратын қоғамдық денсаулық сақтау мәселелерін қозғамау мүмкін емес (Brydsten A., 2016).

Жастар жұмыссыздығы, өз кезегінде, жастардың психологиялық және физикалық табиғаты бойынша психикалық және физикалық денсаулығына әсер ететін жұмыссыздықтың қолайсыз әсерлеріне неғұрлым осал екендігін ескере отырып, өзіндік ерекшеліктері бар. Бұған бірқатар халықаралық зерттеулер дәлел, нақты жағдайлардың салдары, бір мезгілде сериялық зерттеулер жүргізу жұмыссыздықтың салдары мен онымен бірге жүретін құбылыстардың ұқсас бейнесін береді (Raeven Faye Chandler, 2018). Жұмыссыздықтың әлеуметтік салдары да елеулі маңызға ие: бірақ, бұл криминогендік жағдайлардың көбеюі, әлеуметтік шиеленіс, физикалық және психикалық аурулар санының артуы, сәйкесінше әлеуметтік дифференциация, әлеуметтік агрессивтілік те жоққа шығарылмайды. Жұмыссыздықтың эмоционалдық зардаптары арасында: өзін-өзі бағалаудың төмендігі, депрессия, суицид жатады, кей кезде стационарда психиатриялық емдеу қажеттілігі туындайды. Әрі қарай психологиялық және психикалық бұзылулардың жоғарылауы, адамның бейімделу қасиеттерінің төмендеуі, денсаулығының нашарлауы, басқалармен және жақын адамдармен қарым-қатынастың өзгеруі байқалады (Stauder J., 2019).

Жастар арасындағы жұмыссыздық проблемасы әлемді бірнеше жылдар бойы алаңдатып отырғаны анық, өйткені әр елдің болашағы тікелей жастар болашағына тәуелді болады. Жастардың, әсіресе жұмыссыздардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы алаңдаушылық туғызады, бұл әлеуметтік саясаттың басымдықтарында үнемі баса назар аударыла бермейді. Қазіргі жастарда жарқын трансформация бар, көбінесе еңбек тұрақсыздығы жоғары, NEET буыны (не жұмыс істемейді, не оқымайды, не біліктілігін арттырмайды) жастар арасында жиі кездесетін құбылысқа айналды. Бұл трансформацияның жастардың денсаулығы мен өмір сүру сапасына әсер

ететін ауқымды салдары бар (Әшімханова Д.Е., 2017). Қазақстанда бұл мәселенің өзектілігі 2019 жылғы «Тәуелсіздіктің ұрпақтары» жастар жылы және 2020 жылы «Еріктілер жылы» аясында айтылды.

Жұмыссыз жастар арасындағы аурушаңдықты зерттеу көптеген елдерде жүргізіледі, онда жұмыссыздардың жұмыс істейтін адамдармен салыстырғанда психикалық және физикалық денсаулығы нашар екендігі атап өтіледі. Біздің елімізде мәселенің өзектілігі БМСК деңгейінде жұмыссыз жастардың денсаулығын жоғалтудың алдын алу және өмір сүру сапасын жақсарту технологияларын қамтамасыз етудің жүйелі тәсілі бойынша ғылыми еңбектердің болмауымен анықталады. Осылайша, жоғарыда аталғандар МСАК деңгейінде жұмыссыз жастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету жолдары саласындағы мәселені тереңірек зерттеуге ықпал етті.

Зерттеу мақсаты

БМСК деңгейінде жұмыссыз жастардың денсаулығын жоғалтудың алдын алу және өмір сүру сапасын жақсарту технологияларын жетілдіру моделін ғылыми негіздеу және әзірлеу.

Зерттеу міндеттері

1. Жастар жұмыссыздығының денсаулыққа әсер етуінің халықаралық және отандық тенденцияларын зерттеу.
2. Қазақстандағы жұмыссыз жастардың денсаулық жағдайы мен өмір сүру сапасын зерттеу.
3. БМСК деңгейінде жұмыссыз жастарға медико-әлеуметтік көмек көрсету бойынша заманауи шараларын бағалау.
4. Жұмыссыз жастар денсаулығы мен өмір сүру сапасын жетілдіру технологиялар моделін БМСК деңгейінде әзірлеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері

1. Әдебиет шолу. MEDLINE (PubMed), EMBASE, Springer, Elsevier, Web of Science, Cochrane халықаралық деректер қорларында жарияланған зерттеулерден алынған деректер. PICO (TICO) әдісін қолдана отырып, негізгі сөздер арқылы әдебиеттерді жүйелі шолу.

2. Қазақстандағы жастар еңбек нарығының негізгі көрсеткіштерінің сипаттамаларын зерттеу. Негізгі әдіс ретроспективті зерттеу болды. Зерттеуге арналған материалдар Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының 2015-2021 жылдарға арналған мәліметтері болды. «Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы» бөлімінің ресми деректері талданды. Зерттелетін кезеңдегі жастардың жұмыссыздығының гендерлік және жастық құрылымы, аймақтық және елдегі тенденциялары бағаланды.

3. Қазақстандық жастардың денсаулық жағдайын зерттеу. Негізгі ақпарат көздері Қазақстан Республикасындағы аурулардың саны (№12 форма және Дамумед жүйесінің тізілім деректері) және өлім жағдайлары (РПН деректер базасы) туралы ресми деректер болды. Зерттеу тереңдігі 2018-2020 ж.

№12 форма бойынша біріншілік аурушандық пен аурулардың таралуы (жынысы, нозологиясы бойынша) талданды. Дамумед жүйесіне сүйене отырып, жынысы, жасы, жұмыс жағдайы, оқу жағдайы бойынша, негізгі және қосалқы ауруларды, асқынуларды және олардың жиілігін ескеріле отырып, медициналық ұйымдарға келу жиілігі талданды. Регистрлік деректер (РПН) бойынша өлім және тірі қалу (Каплан-Мейер әдісі негізінде) талданды.

Аурудың және өлімнің көрсеткіштері санитарлық статистикада жалпы қабылданған әдіс бойынша есептелді. Медициналық-статистикалық көрсеткіштер бойынша болжамды баллдар сызықтық регрессия және/немесе экспоненциалды тегістеу арқылы есептелді.

4. Жұмыссыз қазақстандық жастардың өмір сүру сапасын зерттеу. Зерттеудің негізгі әдісі сауалнама болды. Стандартталған Q-LES-Q сауалнамасы (өмір сапасы, ләззат және қанағаттану) қолданылды. Өмір сапасының интегралды көрсеткіші есептелді, ол 14-тен 70-ке дейін өзгерді, мұнда 14 - ең нашар мән.

Жоспарлау кезеңінде іріктеме көлемі есептелді (Лер формуласы бойынша). Іріктеу көлемін ескере отырып, зерттеуге 18 бен 29 жас аралығындағы 669 жас қатысты. Оның ішінде: 485 жұмыс істейтін (жұмыс/оқу) және 184 – ұйымдаспаған респондент.

Қарым-қатынастарды/тәуелділіктерді бағалау үшін көптік регрессия қолданылды. «Өмір сүру сапасының интегралды көрсеткіші (Q-LES-Q бойынша)» сандық айнымалы тәуелді болды, респонденттердің жеке деректері және кейбір басқа сипаттамалар предиктор ретінде қарастырылды.

5. Жұмыссыз жастарға медико-әлеуметтік көмек көрсету тұрғысында Қазақстандағы әлеуметтік және медициналық қызметкерлердің пікірін зерделеу. Көлденең зерттеу шеңберінде медициналық және әлеуметтік қызметкерлермен, сондай-ақ біріншілікті медико-санитарлық көмек ұйымдарында жұмыс істейтін Жастар денсаулық орталықтарының (бұдан әрі – ЖДО) мамандарымен сұхбат алу үшін сауалнама әзірленді. Сауалнама респонденттердің төлқұжат деректерін нақтылауға арналған сұрақтар мен жұмыссыз жастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету ерекшеліктерін зерделеуге арналған сұрақтарды қамтыды. Зерттеуге барлығы 63 медициналық және/немесе әлеуметтік қызметкер қатысты.

Ғылыми жаңалығы

Қазақстан Республикасы қоғамдық денсаулық сақтауында алғаш рет:

1. Жастар арасындағы жұмыссыздықпен байланысты халықаралық және ішкі ерекшеліктерді талдау нәтижесінде жұмыссыздықтың жастар денсаулық жағдайы мен өмір сүру сапасына кері әсерінің бары дәлелденді.

2. Жұмыссыз жастардың денсаулық жағдайы мен өмір сүру сапасы зерттеліп, халықтың осы санаты арасындағы өмір сүру болжамы анықталды.

3. Сақтандыру медицинасы тұрғысынан Қазақстандағы жұмыссыз жастарға медициналық, әлеуметтік және психологиялық көмектің қолжетімділігінің негізгі кедергілері талданады.

4. Ғылыми негізделген деректер негізінде Қазақстандағы 18-29 жас аралығындағы жұмыссыз жастарға БМСК деңгейінде медициналық-әлеуметтік көмек көрсету моделі әзірленді.

5. Қазақстан Республикасындағы БМСК деңгейінде жұмыссыз жастардың денсаулығын жоғалтудың алдын алу және өмір сүру сапасын жақсарту үшін дәлелді заманауи ұсыныстар әзірленіп, ұсынылды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

Жұмыстың практикалық маңыздылығы денсаулық сақтау менеджерлерінің осы зерттеу аясында ұсынылған нәтижелерді/қорытындыларды/ұсынымдарды стандартты операциялық процедураларды, жұмыссыз жастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету алгоритмдерін, денсаулығын жоғалтудың алдын алу жолдарын әзірлеу үшін пайдалану мүмкіндігінде және жұмыссыз жастардың өмір сүру сапасын жақсарту.

Талдау мен зерттеу нәтижелері «Салауатты университеттер» және «Салауатты жұмыс орындары» әдістемелік нұсқауларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты жұмыс топтарындағы жұмыс барысында, жұмыссыз мәртебесін енгізе отырып есеп жүргізу және есеп беру формалары ұсынылды (ЖДО құру жөніндегі Жұмыс тобының 25.05.2022 ж. хаттамасы), жастарға медико-әлеуметтік көмек көрсету бойынша жұмысты күшейте отырып, ЖДО имиджін шығару және ары қарай дамыту бойынша іс-шаралар ұсынылды (2021-2025 жылдарға арналған «Салауатты ұлт» ұлттық жобасын қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының отырысының 08.04.2021ж №5 хаттамасы), ЖДО стандартты жұмыс рәсімдерін әзірлеуге қатысты жастар денсаулық орталықтарын аккредиттеу стандарттары бойынша ұсынымдары (Денсаулық сақтау саласындағы ұлттық аккредиттеу стандарттарын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының 2021 жылғы 30 қарашадағы № 3 хаттамасы) енгізілді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы

Жұмыстың теориялық маңыздылығы оның жұмыссыз жастардың денсаулығы мен өмір сүру сапасының ерекшеліктері туралы идеяларды кеңейтуге және тереңдетуге бағытталуымен, сондай-ақ жұмыссыз жастарға медико-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастырудың қазіргі заманғы тәсілдерімен анықталады.

Нақты материалды ЖДО (Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу орталығымен 2023 жылға жоспарланған; өтініш беруші жұмыс тобының мүшесі) аккредиттеу стандарттарының критерийлерін әзірлеу кезінде пайдалануға болады, сондай-ақ қорытындылар мен ұсыныстарды оқу процессінде дәрістер контентін әзірлеуде және практикалық (кейс) тапсырмаларын құрастыру кезінде қолдануға болады.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар

1. Жұмыссыздықтың жастардың денсаулығы мен өмір сүру сапасына кері әсері жүргізілген талдаумен расталған сенімді негіздемесі бар.

2. Қазақстандық жастар үшін 2018-2020 жылдар аралығындағы келесі тенденциялар: аурушандықтың төмендеуі, өлім-жітімнің артуы және жасына байланысты салыстырмалы түрде тұрақты өмір сүру қабілеті тән.

3. Қазақстандағы жұмыссыз жастардың өмір сүру сапасы жұмыспен қамтылған жастармен салыстырғанда айтарлықтай төмен және «қаржылық әл-ауқатқа», «алкогольді ішу фактісіне», «тұрғылықты жеріне», «мемлекет тарапынан қолдауды сезінуге байланысты», «отбасы жағдайы» және «қызмет түрі» факторларына тәуелді.

4. Жұмыссыз жастарға медико-әлеуметтік көмек көрсетудің қолданыстағы жүйесі тиісті деңгейде жүргізілмейді және кешенді сектораралық тәсілді талап етеді. Жұмыссыз жастарға медициналық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету үшін қосымша дағдылар қажет (оның ішінде осы контингентпен психологиялық байланыс орнату және т.б.).

Диссертацияны апробациялау

Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері баяндалған

1. «Медицина ғылымы және білім: жастар және ұмтылыс - 2019» студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы (1-2 қазан 2019 ж.), Қазақстан, Нұр-Сұлтан, «МУА» КеАҚ.

2. «Онкология – XXI ғасыр» XXIV халықаралық ғылыми конференциясы, онкология және эндокриндік хирургия бойынша X Италия-Ресей ғылыми конференциясы, «Ұлт денсаулығы – XXI ғасыр» XXIV халықаралық ғылыми конференциясы (Стамбул, 2020 ж. мамыр).

3. «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру – денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру» халықаралық қатысуымен республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция, Қазақстан, Семей, «СМУ» КеАҚ.

4. Халықаралық онлайн конференция «Қазіргі ғылым. Management and Research Standards II» (Прага, 17-18 қараша 2020 ж.).

5. Студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы «Сақтандыру медицинасы. ғылым. Білім» (Нұр-Сұлтан 21-22.12.2020).

6. «Қазіргі ғылым. Басқару және стандарттар ғылыми зерттеулері. Қазіргі ғылым. Зерттеулерді басқару және стандарттар», Прага, 22-23 сәуір 2021 ж.

7. 5-ші жаһандық қоғамдық денсаулық конференциясы – GLOENEAL 2022 «Өзгеретін әлемдегі жаһандық денсаулықтың болашағы» 24-25 ақпан 2022 ж. – Шри-Ланка.

8. Студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. «Астана медицина университеті» КеАҚ 09-10 желтоқсан 2021 ж.

Диссертанттың жеке үлесі

Өз бетінше материал жинап, жастар мен медицина қызметкерлеріне социологиялық сауалнама жүргізді, жастар денсаулық орталықтарының жұмыс тәртібінің стандарттарын әзірлеуге қатысты. Жұмыссыз жастарға

денсаулық және өмір сапасы мәселелері бойынша тренингтер өткізуге тікелей қатысты.

Алынған мәліметтерді талдау және жалпылау, оларды статистикалық өңдеу, сонымен қатар диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша әдеби деректер жинақтауды өз бетінше жүргізді. Автордың жұмысқа қосқан үлесі ғылыми журналдарда мақалалармен және олардың диссертациялық жұмысының мәселелері бойынша ғылыми конференцияларға қатысумен расталады.

Практикаға енгізу

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері келесі ұйымдарда тәжірибеге енгізіледі:

1. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің «№ 7 қалалық емханасы» ШЖҚ МКК (2022 жылғы 17 ақпандағы «18 бен 29 жас аралығындағы жұмыссыз жастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету моделі» бойынша іске асыру актісі).

2. БҚО Орал қаласы әкімдігінің «№ 3 қалалық емханасы» ШЖҚ МКҚК («18 бен 29 жас аралығындағы жұмыссыз жастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету моделі» бойынша іске асыру актісі, 19.04.2022 ж.).

3. «QAMQOR» Шымкент қаласы («18 бен 29 жас аралығындағы жұмыссыз жастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету моделі» бойынша 10.02.2022 ж. іске асыру актісі).

4. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 6 қалалық емханасы» ШЖҚ МКК, («18 бен 29 жас аралығындағы жұмыссыз жастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету моделі» бойынша іске асыру актісі, 08.04.2022 ж.).

Жарияланымдар

Диссертация тақырыбы бойынша 17 ғылыми еңбек жарияланған:

- Web of Science және Scopus деректер базасында индекстелген журналдардағы 2 мақала.
- Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 3 мақала.
- Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 10 тезис;
- «Салауатты университеттер» және «Салауатты жұмыс орындары» 2 әдістемелік нұсқаулықтар.
- 4 авторлық куәлік.

Нәтижелер

1. Халықаралық және ішкі тенденцияларды талдау жұмыссыздық пен жастардың денсаулығы арасындағы байланыс тұрғысынан сенімді дәлелдерді анықтады. Медициналық ұйымдарға жүгінген жұмыссыз жастар когортасының жартысына жуығы (2018 ж. – 16,0%, 13,9% – 2019ж., 15,5% – 2020ж.) Түркістан облысының респонденттері, сол деңгейде Қарағанды облысынан және Алматы қаласынан болды (11,0% – 2018 ж., 13,0% - 2019ж., 10,3% - 2020ж.).

2. Эпидемиологиялық талдау нәтижелері бойынша қазақстандық жастардың денсаулық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштердің тенденциялары белгіленді: аурушандықтың төмендеуі, өлім-жітімнің артуы

және салыстырмалы түрде тұрақты өмір сүру деңгейі. Бұл ретте, жағдайлардың шамамен 1/3 бөлігін (талданған көрсеткіштерде) жұмыссыз жастар құрайды, медициналық ұйымдарға жүгінген жұмыссыз жастардың үлесі 36,5% (СІ 33,3÷39,7%), ең көп таралған нозология «І» коды «Қанайналым жүйесі аурулары» (2018 ж. – 23,6%, 2019 ж. – 16,3%, 2020 ж. – 15,6%) болып табылады. Сауалнама нәтижелері бойынша жұмыссыз жастар басқа әлеуметтік топтарға (35,6-37,8%) қарағанда соңғы бір жылда денсаулық мәселелерін (42,3%) жиі атап өтті.

3. Жалпы алғанда, қазақстандық жастардың өмір сүру сапасы шекті деңгейден сәл жоғары (50%-дан жоғары). Сонымен қатар, жұмыссыз жастар когортында жұмыс істейтін жастармен салыстырғанда өмір сүру сапасы 12%-ға төмен (өмір сапасының орташа көрсеткіштері айырмашылығының статистикалық маңыздылығы $p=0,001$ деңгейінде). Жұмыссыз жастардың өмір сапасы «Қаржылық әл-ауқат», «Алкогольді ішу фактісі», «Тұрғылықты жері», «Мемлекет тарапынан қолдауды сезіну», «Отбасы жағдайы» және «Мамандығы» сияқты предикторлармен ассоциацияланады. Көрсеткіштер «күшті» байланысқа тексерілді: мультиколлинеарлық жоқ. Дурбин-Уотсон мәні 1,858 құрады: автокорреляция жоқ.

4. Жұмыссыз жастарға медико-әлеуметтік көмек көрсету жүйесі тиісті деңгейде жүргізілмейтіні және кешенді салааралық тәсілді қажет ететіні анықталды. Респонденттердің 66,1%-ы жастардың (өз ұйымына) қаралу көрсеткішін төмен (айына бір реттен аз) деп санайды. Қызметкерлерге (респонденттердің 65%) психологиялық байланыс орнату, медициналық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету және басқа да дағдыларды қосымша оқу және меңгеру қажет.

5. Денсаулығын жоғалтудың алдын алу және жұмыссыз жастардың өмір сүру сапасын жақсарту бойынша ұсынылып отырған модель және практикалық ұсыныстар жастардың денсаулығына жұмыссыздықтың жағымсыз әсерінің әсерін азайтуға бағытталған. Жетілдірілген технологиялар «Жастар» Ұлттық ғылыми орталығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы, БМСК ұйымдары, Жастар денсаулық орталықтары сияқты органдар арасындағы тығыз сектораралық өзара іс-шараларды білдіреді, бұл өз кезегінде тұрақты түрде ақпараттандыру деңгейін арттыруға, жұмыссыз жастардың медициналық және әлеуметтік көмекке қол жеткізуге және жастардың денсаулық жағдайы мен өмір сүру сапасын жақсартуға әкеледі.

Практикалық ұсыныстар

1. Жүргізілген талдау жұмысының нәтижелері мен қорытындылары, денсаулық сақтау менеджерлеріне анықталған ерекшеліктер мен қажетті дағдыларды ескере отырып, жұмыссыз жастарға медико-әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған бағдарламаларды/іс-шараларды жоспарлау кезінде пайдалану үшін ұсынылады.

2. Жұмыссыз жастарға медико-әлеуметтік көмек алудағы кедергілерді азайту мақсатында жастар денсаулық орталықтарының қызметкерлеріне жастар ресурстық орталықтарымен, салауатты өмір салтын қалыптастыру

орталықтарымен және басқа да мүдделі тұлғалармен, оның ішінде қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп жұмыссыздықтың денсаулыққа әсер етуінің алдын алу, өмір сүру сапасын жақсарту және сақтандыру жүйесі шеңберінде қолжетімді медициналық қызметтер көрсету жөніндегі іс-шаралар, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

3. Денсаулықты жоғалтудың алдын алу, сондай-ақ жұмыссыз жастардың дене және психикалық денсаулығының ақауларын ерте анықтау мақсатында жастар денсаулық орталықтары деңгейінде скринингтік тексерулер жүргізу ұсынылады. Денсаулықтың кешенді жағдайын бағалау үшін зерттеу барысында әзірленген «Қазақстандағы жұмыссыз жастардың денсаулық жағдайын анықтау» сауалнамасын пайдалану, физикалық, психикалық, әлеуметтік денсаулық және өмір сүру сапасын бағалау шкаласын қолдану ұсынылады.

4. Жұмыссыз жастарды есепке алу және оларға толық көлемде медициналық қызмет көрсету мақсатында денсаулық сақтау басқармаларына науқастың электрондық денсаулық паспорттың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтерді есепке ала отырып, жұмыссыз жастарға медико-әлеуметтік көмек көрсету процесін стандарттауды қамтамасыз ету; Жастар денсаулық орталығының имиджі мен мәртебесін одан әрі дамыту, олардың қызметін қаржыландыруды ұлғайту, сондай ақ жұмыссыз жастарға мобильді қосымшаларды, чаттарды, телеграммадағы бот сияқты қашықтықтан медико-әлеуметтік көмек көрсетудің түрлерін енгізу ұсынылады.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы

Диссертациялық жұмыс 98 бетте ұсынылған, келесі тараулардан тұрады: кіріспе, әдебиеттерге шолу, зерттеу материалдары мен әдістері, өз зерттеулерінің теориялық және практикалық бөліктері (3 бөлім), қорытынды, қосымшалар. Жұмыс 17 кесте және 30 суретпен көркемделген. Пайдаланылған дереккөздер тізімінде 132 дереккөз бар, оның 96-сы ағылшын тілінде.